

Б.А. Еркінбекова *¹

¹Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
PhD-докторант, Шымкент, Қазақстан Республикасы
e-mail: bota_77_22@mail.ru

ТАРИХ САБАҒЫНДА СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІН ТИІМДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Аңдатпа

Қазақстанда кеңес үкіметінің саясатына қарсы орын алған ірі шаруалар көтерілісінің бірі болған – Созақ көтерілісі еді. Кеңес үкіметінің зорлықшыл аграрлық саясатына қарсы туған Созақ көтерілісі – қазақ халқының еркіндікке, діни наным-сеніміне, дәстүрлі өмір салтына деген адалдығын көрсететін ірі тарихи оқиғалардың бірі. Мақалада көтерілістің шығу себептері, барысы, салдары және оның аймақтық ерекшеліктері қарастырылып, халық пен мал санына қатысты архив деректері, мал-мүлікті тәркілеу туралы шешімдер талдау нысанына айналдырылады. Автор көтеріліс тақырыбын игеруде оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру, жергілікті тарих материалдарын ұлттық тарихпен ұштастырудың маңызын көрсетеді. Зерттеу барысында автор тарих сабағында оқушылардың тарихи ойлау, талдау, салыстыру, интерпретациялау және бағалау дағдыларын дамытуға бағытталған әдістемелік үлгі әзірлейді. Оқыту үдерісінде цифрлық ресурстар, интерактивті тапсырмалар, кейс-стади, проблемалық оқыту, геймификация сияқты инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану жолдары ұсынылады. Сонымен қатар, оқушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері талданып, тақырыпты меңгертудегі тиімді педагогикалық тәсілдер айқындалады. Мақала Қазақстан тарихы пәнін оқытуда тарихи деректерді кешенді пайдалану, оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту және Созақ көтерілісінің тарихи маңызын терең ұғындыруға бағытталған.

Кілт сөздер: Созақ көтерілісі, күштеп ұжымдастыру, мал-мүлікті тәркілеу, оқыту әдістемесі, сауалнама, әдістемелік модель.

Б.А. Еркінбекова *¹

¹PhD-докторант, Южно-Казахстанский педагогический университет им. Узбекали
Жанибекова,
Шымкент, Республика Казахстан
e-mail: bota_77_22@mail.ru

МЕТОДИКА ЭФФЕКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ СОЗАКСКОГО ВОССТАНИЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ: ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИИ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Аннотация

Созакское восстание было одним из крупнейших крестьянских выступлений в Казахстане, направленных против политики советской власти. Восстание, возникшее в ответ на насильственную аграрную политику, стало ярким свидетельством стремления казахского народа к свободе, верности своим религиозным ценностям и традиционному укладу жизни. В статье рассматриваются причины, ход и последствия восстания, а также его региональные особенности. На основании архивных данных анализируются сведения о численности населения и скота, а также решения о конфискации имущества. Автор подчеркивает важность формирования исторического сознания учащихся и интеграции материалов по местной

истории в национальный контекст при изучении темы восстания. В ходе исследования разработана методическая модель, направленная на развитие у школьников навыков исторического мышления, анализа, сравнения, интерпретации и оценивания. В статье предлагаются пути применения инновационных методов обучения, таких как цифровые ресурсы, интерактивные задания, кейс-стади, проблемное обучение и геймификация. Кроме того, анализируются результаты проведенного среди учащихся опроса, что позволяет определить наиболее эффективные педагогические подходы при изучении темы. Работа ориентирована на комплексное использование исторических источников, развитие исследовательских навыков школьников и глубокое осмысление исторической значимости Созакского восстания при обучении истории Казахстана.

Ключевые слова: Созакское восстание, насильственная коллективизация, конфискация имущества и скота, методика преподавания, анкета, методическая модель.

B.A. Erkinbekova *

*¹PhD student, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University,
Shymkent, Republic of Kazakhstan
e-mail: bota_77_22@mail.ru*

EFFECTIVE METHODS FOR TEACHING THE SOZAK UPRISING IN HISTORY LESSONS: PEDAGOGICAL INNOVATIONS AND INSTRUCTIONAL TECHNOLOGIES

Abstract

The Sozak uprising was one of the major peasant rebellions in Kazakhstan against the policies of the Soviet government. Emerging as a response to the coercive agrarian policies, the uprising vividly demonstrated the Kazakh people's aspiration for freedom and their commitment to religious values and traditional ways of life. This article examines the causes, course, and consequences of the uprising, as well as its regional characteristics. Archival data on population and livestock numbers, along with decisions regarding property confiscation, are analyzed as part of the study. The author emphasizes the importance of developing students' historical consciousness and integrating local history materials into the national historical narrative when teaching this topic.

As part of the research, a methodological model aimed at developing students' skills in historical thinking, analysis, comparison, interpretation, and evaluation is proposed. The article explores the use of innovative teaching methods, including digital resources, interactive tasks, case studies, problem-based learning, and gamification. Additionally, the results of a student survey are analyzed to identify effective pedagogical strategies for teaching the topic. The work focuses on the comprehensive use of historical sources, the development of students' research skills, and fostering a deeper understanding of the historical significance of the Sozak uprising within the context of teaching Kazakhstan's history.

Keywords: Sozak uprising, forced collectivization, confiscation of livestock and property, teaching methodology, survey, methodological model.

Кіріспе. XX ғасырдың алғашқы онжылдығы Қазақстан тарихында саяси, әлеуметтік-экономикалық трансформациялардың аса күрделі кезеңі ретінде белгілі. Азамат соғысынан кейін қалыптасқан кеңестік биліктің жаңа идеологиялық бағыты, мемлекеттендіру саясаты, ауыл шаруашылығын жедел ұжымдастыру және көшпелі халықты отырықшылыққа күшпен көшіру үдерістері қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын түбегейлі өзгертті. Дәл осы кезеңде жүзеге асырылған әкімшілік-шаруашылық реформалар, салықтық міндеттемелердің күшеюі, мал-мүлікті тәркілеу науқандары ауылдық ортадағы әлеуметтік қатынастарды ушықтырып, ел ішіндегі наразылық көңіл-күйін күшейтті. Осы тарихи ахуалдың салдарынан 1930 жылғы Созақ көтерілісі орын алды. Көтеріліс орын алған аймақ Қазақ АССР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылғы 3 қыркүйектегі қаулысымен Созақ ауданы өз алдына шаңырақ көтерді.

Осы жылғы есеп бойынша түтін саны 12 мыңнан асты [1, 8-б.]. Созақ өңіріндегі халықтың қарулы қарсылығы кеңестік тоталитарлық жүйенің аграрлық саясатынан туындаған әлеуметтік әділетсіздікке, күштеуге, мүліктен айыруға қарсы бағытталды.

1930 жылғы Созақ көтерілісі – кеңес өкіметінің аграрлық саясатына, бай-кулактарды мал-мүліктерін тәркілеп оларды тап ретінде жою саясатына қарсы бағытталған ірі көтерілістердің бірі болды. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі өмір салты мен шаруашылық жүйесін бұзып, мәжбүрлі ұжымдастыру саясаты жергілікті халықтың наразылығын күшейтті. Бұған қоса, дінге қарсы бағытталған саясат, мешіттердің жабылуы, дін иелерінің қуғындалуы, сондай-ақ жергілікті билік өкілдерінің озбырлығы халықтың шыдамын тауысты.

Бүгінгі тарихнамада 1920 жылдың соңы 1930 жылдардың алғашқы кезеңі қазақ шаруаларының жерлерін олардың қожалықтарын күштеп ұжымдастыруға қарсы қарулы көтерілістер жан-жақты зерттеу қолға алына бастады. Сол кезден бастап осы күнге дейінгі көтерілістер тарихнамасы күрделі болды. Қазіргі кезде көтерілістер тарихын әртүрлі қыраннан зерттеген ғалымдар да еңбектер де бар. Бұл еңбектерде 1929-1931 жылдардағы қарулы көтерілістерге жалпы саны сексен мыңнан астам адам қатысты. Осы көтерілістердің ірісі әрі тарихта өшпес із қалдырған және зерттеуді қажет етін көтерілістің бірі ол – Созақ көтерілісі. 1929-1931 жылдарда болған көтерілістердің негізгі идеясы ол елдің отарлық езгіден құтылу және мемлекеттің тұтастығын сақтап қалу болды. Бұл туралы белгілі ғалым Т. Омарбеков: «XX ғасырдың 20-30 жылдары Созақ ауданында болған қайғылы көзге түскен ірі көтерілістердің бірі болды. 1930 жылдардың басында Созақ көтерілісі, сол кездегі дереккөздер бойынша, «Кеңес өкіметіне қарсы, революцияға қарсы қарулы көтеріліс» деп сипатталды. Қазақ азаматтары ерекше белсенділік көрсеткен, кеңестік күштеу саясатына ашық қарсылық танытқан – Созақ көтерілісі әлі де толық зерттеліп біте қойған жоқ» [2, 99-б.], - деп көрсетеді. Сондай-ақ ғалым «көтеріліске итермелеген себептердің бірі – мемлекет басшысының қолдауымен құрылған үштіктердің елдегі бай-кулактарды тап ретінде жойып жіберу әрекеті еді» [2, 101-б.], - деп өз еңбегінде көрсетеді.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Созақтағы оқиға Қазақстан тарихында орын алған ұжымдастыру, мал мүліктерді тәркілеу, аштық, көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыстан отырықшылыққа көшу мәселелерімен тығыз байланысты болды. «Созақ өңірінде болып өткен көтеріліс жайында, көтерілістің шығу себебі, салдары және оның Кеңес өкіметі тарапынан аяусыз басып жанышталуы бүгінгі күннің билігінен, оң көзқараспен, парасатпен пайымдылық тұрғысында таразыға салынады. Ж. Боранбай мұрағатта сақталған Ф. Голощекиннің Сталинге, Молотовқа, Кагановичке, Смирновқа жазған хаттарының көшірмелерін дәлел ретінде көрсетті. Хатта Ф.Голощекин өзінің бандитизммен күресте асыра сілтегенін және халыққа саяси тұрғыда әсер етуі дұрыс болмағанын баяндады. Сондай-ақ, бандылар туралы ести сала бұл мәліметтің ақ қарасын ажыратпай жатып, ОГПУ қарулы отряд ұйымдастырып халықты қырғандығы айтылды» [3, 18-б.]. Алайда кеңестік тарихнама көтерілісті «контрреволюциялық элементтердің әрекеті» деп сипаттап, оның шынайы себептерін, әлеуметтік негіздерін және тарихи маңызын ұзақ уақыт бұрмалап келді. Т. Омарбеков атап өткендей, халқымыздың тарихында әлі де терең зерттеуді қажет ететін «ақтандақ» кезеңдер аз емес. Солардың бірі – Созақ көтерілісі. Бұл оқиғаны жан-жақты зерделеу, оның тарихи астарын түсіну және одан тағылым алу – жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруда аса маңызды [2, 4-б.]. Тек тәуел-сіздік алғаннан кейін ғана аталған қозғалыс тарихына жаңаша көзқараспен қарау мүмкіндігі туды.

2020 жылы 24 қарашада Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаевтың Жарлығына сәйкес құрылған Комиссия XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін кешенді әрі жүйелі жұмыс жүргізді. Бұл ұлт тарихындағы ақтандақ кезеңдерді жаңаша зерделеуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды. Комиссия, ең алдымен, зерттеу-іздеу және жинақтау-талдау жұмыстарына баса мән берді. Оның қызметін үйлестіру үшін Жобалық кеңсе құрылып, құрамына ғалымдар, зерттеушілер және мемлекеттік органдардың өкілдері кірді. Түрлі санаттағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын қамту үшін нақты

тақырыптар бойынша бөлінген үш ғылыми топ жасақталды [4]. Мемлекеттік комиссия құрамында 425 ғалым мен зерттеуші, оның ішінде 260-тан аса маман аймақтық комиссияда еңбек етті. Бұл жұмыстардың барысында ұлт-азаттық қозғалыстарға қатысты жаңа архив материалдары айналымға енгізіліп, тарихи ақиқатты қалпына келтіруге тың серпін берді. Бұл жағдай Созақ көтерілісінің алғышарттарын ғылыми қайта зерделеудің өзектілігін айқын көрсетеді. Осы тарихи үдерістерді мектеп оқушыларына түсіндіру – бүгінгі білім беру жүйесінің маңызды міндеті. Себебі оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру тек фактілерді меңгертумен шектелмей, олардың себеп-салдарлық байланыстарды түсінуіне, тарихи әділеттілік ұғымын сезінуіне мүмкіндік беруі тиіс. Бұл міндетті жүзеге асыруда педагогикалық инновациялар мен заманауи оқыту технологияларын пайдалану – тарих пәнін оқытудың тиімділігін арттыратын негізгі фактор. Сондықтан Созақ көтерілісін тарих сабағында оқыту әдістемесін жетілдіру, жаңа технологиялар арқылы күрделі тарихи құбылыстарды оқушыларға түсінікті әрі қызықты форматта жеткізу, тарихи дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту – қазіргі тарихи білім берудің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Созақ көтерілісі – 1930 жылы Қазақстанның оңтүстік өңірінде, қазіргі Түркістан аумағында Кеңес өкіметінің отарлық, әкімшілік, діни және шаруашылық саясатына қарсы бағытталған қарулы бас көтеру. Бұл тарихи оқиғаға қатысты әдебиет пен соңғы онжылдықтарда айтарлықтай молайып, түрлі ғылыми тұрғыдан саралана бастады. Бұл көтеріліс Қазақстандағы 1929-1931 жылдар аралығында болған көтерілістер қатарында халықтың тоталитарлық режимге қарсы күресінің айғағы ретінде зерттеліп келеді. Әдебиеттік шолу арқылы көтеріліс туралы тарихи пайымдаулардың қалыптасу эволюциясын, дереккөз-дерге сүйену дәрежесін және зерттеу әдістемелерін бағалауға болады.

Зерттеу барысында тарихи және педагогикалық бағыттағы кешенді ғылыми әдістер қолданылды. 1930 жылғы Созақ көтерілісінің себептері, барысы, салдары және оның аймақтық ерекшеліктерін анықтау мақсатында тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-құжаттық, типологиялық және реконструктивтік әдістер пайдаланылды. Тарихи-генетикалық әдіс арқылы көтеріліске алып келген кеңестік күштеп ұжымдастыру саясаты, мал-мүлікті тәркілеу науқандары және аграрлық өзгерістердің эволюциясы кезең-кезеңімен талданды. Тарихи-салыстырмалы әдіс көмегімен Созақ көтерілісі Қазақстанның басқа аймақтарында орын алған шаруалар қозғалыстарымен салыстырылып, оның өзіндік ерекшеліктері мен ортақ белгілері анықталды.

Тарихи-құжаттық әдіс аясында архив қорларындағы халық санағы, мал саны жөніндегі ресми есептер, тәркілеу актілері, кеңестік органдардың шешімдері мен баяндамалары деректік тұрғыдан сараланды. Тарихи-реконструктивтік әдіс көтеріліс барысын, қатысушы топтардың рөлін, оқиға хронологиясын қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Ал тарихи-типологиялық әдіс көтерілісті ХХ ғасырдың басындағы қазақ шаруаларының қарсылық қозғалыстарының жалпы типологиясына енгізуге жағдай жасады.

Деректік әдіс-тарихи оқиғаларды зерттеу барысында дереккөздерді талдау, және олардан сенімді ақпарат алу үшін қолданылатын ғылыми әдіс. Бұл әдіс дереккөздердің мазмұнын, шығу тегін және объективтілігін анықтауға бағытталған.

Зерттеудің педагогикалық бөлігінде оқыту әдістемесінің тиімділігін дәлелдеуге бағытталды. Бұл ретте педагогикалық бақылау әдісі арқылы сабақ процесіндегі оқушылардың белсенділігі, тарихи ойлау әрекеттерінің деңгейі және тапсырмаларды орындау динамикасы қадағаланды. Сауалнама және сұхбат әдістері оқушылардың Созақ көтерілісі туралы білім деңгейін, қызығушылығын және тарихи санасының қалыптасу деңгейін анықтау үшін қолданылды. Педагогикалық эксперимент әдісі автор әзірлеген цифрлық ресурстарға, интерактивті тапсырмаларға, кейс-стади мен геймификация элементтеріне негізделген сабақ үлгілерінің тиімділігін тексеруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, контент-талдау әдісі оқу бағдарламалары, оқулықтар, ғылыми еңбектер және мұрағат деректерінің мазмұнын саралауға бағытталды. Әдістемелік модельдеу әдісі арқылы

оқушылардың тарихи ойлау, талдау, салыстыру және бағалау дағдыларын дамытуға арналған авторлық әдістемелік модель құрылып, оның құрылымдық компоненттері айқындалды. Осылайша, зерттеуде тарихи деректерді талдау мен педагогикалық инновацияларды бағалауға бағытталған көпқырлы әдістер кешені қолданылып, Созақ көтерілісін тарих сабағында тиімді оқытудың ғылыми негізі қалыптастырылды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап тарихымызды оқытуға ерекше назар аударылып келеді. Оның ішінде ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы туралы Созақ көтерілісі туралы көлемді зерттеу еңбектері жарық көрді. Жаңа көзқарастағы пікірлер мен деректік құжаттар ғылыми айналымға қосылды. Тарихшы ғалымдардың теориялық-әдістемелік негіздегі толымды еңбектері көпшілікке ұсынылып тұрады.

Негізгі зерттеу материалдары ретінде көтеріліске қатысты кешенді зерттеу еңбектеріне жасалған талдау негізінде ұсынылды. Осы күнге дейін Қазақстандағы XVIII-XX ұлт-азаттық қозғалыс тарихын оқыту үрдісі оқулықтар мен оқу құралдарымен әдістемелерге сүйеніп жасалып отыр. Осы тақырып бойынша толық теориялық сараптамалар мен ізденістер осы күнге дейін жүргізілмеді. Оның басты себебі қарастырылып отырған ғылыми мәселе бойынша арнайы зерттеу материалдарының тапшылығы мен маман кадрларының болмауы. Тәуелсіз-діктің арқасында бұл мәселемен айналысуға көптеген мүмкіндіктер пайда болып ғылыммен айналысуға мүмкіндік жасалуда. Мысалы, М. Қозыбаев, Т. Омарбеков, К.Нұрпейісов, Ж.Абылхожин, М.Қойгелдиев еңбектерінде тарих теориясының мәселелері қойылып, нақты көрінісін тапты.

Кеңестік дәуірде жарық көрген еңбектерде көтеріліс көбіне «контрреволюциялық бандиттік қозғалыс» ретінде сипатталды. Қазақстандағы «әскери коммунизм» және ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыруға қарсы қарулы көтерілістер мен бас көтерулер туралы зерттеу жұмыстары XX ғасырдың 20-30 жылдардағы бастау алды. Сол кезден қазіргі кезге дейін бұл мәселенің тарихнамасы күрделі әрі қайшылыққа толы кезеңдерден өтті.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстанның саяси дамуында кеңестік кезеңнің көптеген еңбектері баспадан шығарылғанымен олар партия идеологиясы шеңберінен шыға алмады. Советтік кезеңдегі барлық еңбектер қазіргі заманның сұранысына жауап бере алмады. Алайда, тәуелсіздік кезеңінде тарихшылар көтерілісті ұлттық-азаттық қозғалыстың бір көрінісі ретінде қарастыра бастады. Бұл тұрғыда М. Қозыбаев, Т. Омарбеков, Ж. Абылхожин, Т.Садықов, Ж.Боранбай, М. Қойгелдиев, С. Мәжитов сынды ғалымдардың еңбектері маңызды зерттеулер болып табылады. Тарихнамалық материалдарды сыни тұрғыдан талдау арқылы көтерілістің себептері мен салдарына қатысты әртүрлі ғылыми пікірлер салыстырылды.

Ұлт-азаттық көтерілісті терең зерттеп, тарихи бағасын берген М.Қойгелдиев пен Т.Омарбеков болды. «Олар сол кезеңнің методологиясының кемшіліктерін ашып көрсетті. Барлық қарастырылған мәселелер партиялық принциптер негізінде тар таптық негізде берді. Екіншіден, көлемді қоғамдық процестерді талдауда да тура осы сияқты қағидалар негізге алынды». Мысалы, тар таптық көзқараспен жаңа билік ескі атаулығы бітіспес майдан жариялаған кезде голощекин идеясын ұстанғандар мен қазақ қоғамының саяси институттары өзіне тән ерекшеліктеріне қарай қатынастарын анықтайды. «Осы кезде республикада болып жатқан саяси, әлеуметтік және экономикалық, сонымен бірге рухани өзгерістерді біржақты, тек позитивті тұрғыдан ғана түсіндіруге тырысты деп халықты адастырды» [5, 8-б.], - деп түйіндейді авторлар.

Кеңестік идеологиядан босап, шынайы тарихи көзқарас орныға бастаған кезеңде көтеріліс туралы нақты әрі деректі еңбектер жарық көрді. М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» атты еңбегінде кеңестік реформалардың дәстүрлі қазақ қоғамына теріс әсері сараланып, көтерілістер соның тікелей салдары ретінде көрсетіледі: «Кеңестік билік қазақ даласында саяси, діни және әлеуметтік құрылымды күшпен өзгертпек болды. Мұндай зорлық Созақ сияқты өңірлерде қарулы қарсылыққа әкелді [6, 58-б.].

М.Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты» атты еңбегінде кеңестік репрессиялар мен халықтық қозғалыстар тарихын зерттеуде маңызды орын алды. Автор еңбегінде Созақ

көтерілісін қазақ халқының кеңес билігіне қарсы табиғи туындаған қарсыластықтардың бірі ретінде сипаттайды. Ол көтерілісті шаруалардың ауыр жағдайымен, мал мүлкінен айырылуымен байланыстырады.».

Т. Омарбековтың зерттеуінде 1929-1931 жж. аралығындағы халық көтерілістері жүйелі түрде қарастырылады. Автор Созақ көтерілісін «діни-ұлттық сипаттағы қарсылық» деп бағалайды: «Көтеріліс тек экономикалық емес, рухани-психологиялық күйзелістің де нәтижесі. Бұл – ислам дініне, жергілікті дәстүрге қарсы саясатқа жауап болған» [7, 94-б.].

Созақ көтерілісін зерттеу контекстінде Ж. Әбілхожиннің еңбектері ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ қоғамында орын алған әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың терең табиғатын ашып көрсетуімен ерекшеленеді. Ғалым Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру, жергілікті шаруашылықтың күйреуі, мал-мүлікті тәркілеу және әкімшілік зорлық-зомбылықтың жүйелі сипат алғанын жан-жақты дәлелдейді. Оның жұмыстары кеңестік аграрлық реформалардың құқықтық және моральдық нормаларды өрескел бұзғанын, заңды «асыра пайдалану» жаппай сипат алып, көптеген қазақ шаруаларын «контрреволюциялық элемент» ретінде жазықсыз айыптауға әкелгенін нақты деректермен көрсетеді.

Әбілхожин атап өткендей, күштеп ұжымдастыру барысындағы заңсыз қуғын-сүргін, жаппай соттау және жер аудару шаралары кеңестік экономикалық саясаттың ішкі қайшылығын әшкерелейді. Кеңес билігі ауыл шаруашылығын социалистік модельге көшіруді мақсат еткенмен, шын мәнінде бұл процесс шаруалар мүддесіне қайшы, күштеу мен мәжбүрлеуге негізделген тоталитарлық тәжірибе болды. Ғалым бұл құбылысты «қоғамның табиғи дамуын зорлап үзу» ретінде сипаттай отырып, оның қайғылы салдары халықтың әлеуметтік құрылымын ғана емес, ұлттық болмысты да күйреткенін ерекше атап өтеді [8, 53-б.].

Ә. Тұрлыбеков 2000 жылы жарияланған мақаласында Созақ көтерілісінің кезеңдерін, негізгі оқиғаларын және тұлғаларын архивтік құжаттар негізінде нақтылайды: «Көтеріліс 1930 жылғы ақпан-наурыз аралығында өтті. Ол шарифат негізінде басқарылатын жаңа билік құруды көздеді. Көтерілісшілер мешіттерді ашып, молдаларды босатты» [9, 37-б.].

Ә. Тұрлыбековтің 2000 жылы жарық көрген еңбегінде Созақ көтерілісінің хронологиясы, негізгі кезеңдері мен оған қатысқан тұлғалар архивтік құжаттар негізінде нақты сипатталады. Зерттеушінің мәліметінше, көтеріліс 1930 жылдың ақпан–наурыз айларында өрбіген және оның идеологиялық негізінде шарифат талаптарына сүйенген баламалы билік құрылымын қалыптастыру ниеті тұрған. Бұл кезеңде көтерілісшілер жергілікті мешіттерді қайта ашып, діни қызметкерлерді босату әрекеттерін жүзеге асырғаны архивтік деректерде көрсетіледі [9, 37-б.]. Ғылыми тұрғыдан бағалайтын болсақ, Тұрлыбековтің бұл тұжырымы көтерілістің діни-рухани қырын ашуға мүмкіндік береді. Дегенмен, қозғалысты тек шарифатқа негізделген басқару орнату талпынысы ретінде қарастыру оны толық түсіндіре алмайды. Архивтік материалдар мен басқа деректер көтерілістің әлеуметтік-экономикалық себептерінің басым болғанын, яғни мәжбүрлі ұжымдастыру, тәркілеу, отырықшыландыру және кеңестік биліктің дінге қарсы саясаты халықтың ашық қарсылығын күшейткенін көрсетеді.

Профессор Т.Садықов еңбегінде «қазақ ауылдарын ұжымдастыру саясатына қарсы бағытталған көтерілістер мен бас көтерулердің теориялық мәселелерін талдады. Профессор халық бас көтерулеріне жаңаша баға беріп, тарихнамалық мәселесінің өзекті жерлерінің нақтылап көрсетті. Өз зерттеуінде ғалым көтеріліс барысында көзге түскен тарихи тұлғаларды ашып, құқық органдарының тарихи оқиғаға берген бағасын зерделей отырып өзектілігін анықтап берді» [10, 11-б.].

Зерттеу барысында Созақ көтерілісін оқыту – тарихи, саяси және мәдени тұрғыдан маңызды, өйткені ол қазақ халқының отаршылдық және тоталитаристік саясатқа қарсы күресінің көрініс болып есептеледі. Сондай ақ болашақ ұрпаққа рухани тәрбие беретін және ұлттық бірегейлікті нығайтатын маңызды оқиға болып табылады.

Ө. Қырғызбаев «Созақ көтерілісі» атты еңбегі арқылы көтерілістің әлеуметтік-саяси алғышарттарын кеңестік биліктің жүргізген асыра сілтеушілік саясаты, жеделдетілген ұжымдастыру, мал-мүлікті тәркілеу және діни институттарды шектеу шараларымен байланыстыра

отырып талдайды [1, 41-б.]. Бұл тұрғыда зерттеу көтерілістің себептерін тек оқиғалық сипатта емес, жүйелі әлеуметтік құбылыс ретінде түсіндіруге бағытталған. Еңбектің басты артықшылығы – архив деректерін, жергілікті кеңес орындарының құжаттарын, тергеу материалдарын, сондай-ақ оқиғаны көзімен көрген куәгерлердің деректерін қатар қолдануында. Автор кеңестік кезеңдегі «контрреволюциялық бас көтеру» деген біржақты бағалаудың шындыққа жанаспай-тынын, құжаттардағы идеологиялық конструкттарды арнайы талдау арқылы көрсетеді. Осы арқылы автор көтерілістің тек діни немесе таза экономикалық сипатқа ие деген бұрынғы тар шеңберлі тұжырымдарды кеңейтеді. Көтерілістің әлеуметтік құрамы, оған қатысқан топтар, олардың мүдделері жан-жақты ашылады. Автордың ғылыми тұжырымдары қазіргі тарих пәнін оқытуда, әсіресе Созақ көтерілісінің себептері мен салдарын жаңаша түсіндіруде маңызды әдістемелік негіз бола алады.

Қазақстандағы XVIII-XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын теориялық тұрғыдан зерттеген С.Ф. Мәжитовтың еңбектері бұл тақырыптың методологиялық негізін айқындауда маңызды орын алады [11]. Ғалым ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын идеологиялық қасаң түсіндіруден арылтып, оны кең тарихи контексте саяси, әлеуметтік-экономикалық, этномәдени факторлар тоғысқан күрделі қоғамдық құбылыс ретінде қарастыру қажеттігін атап өтеді. С. Мәжитов еңбектерінің басты ғылыми жаңалығы – ұлт-азаттық қозға-лыстарды бір реттік жеке оқиғалар жиынтығы ретінде емес, қазақ халқының отарлық езгіге қарсы ұзақмерзімді тарихи-әлеуметтік қарсылығының жүйелі формасы ретінде қарастыруында. Ол ұлттық қозғалыстардың теориялық типологиясын жасап, олардың құрылымдық ерекшеліктерін, қозғаушы күштерін, тарихи миссиясын ғылыми тұрғыда талдауды ұсынады.

Ғалымның пікірінше, көтерілістердің басты себептері саяси тәуелсіздіктен айрылу ғана емес, сонымен қатар отарлық биліктің дәстүрлі шаруашылықты бұзуы, жер мәселесіндегі әділетсіздік, әлеуметтік теңсіздік пен ұлттық қысымның күшеюі болған. Осы арқылы ұлт-азаттық қозғалыстардың ұлттық мемлекеттілікті сақтау жолындағы тарихи сабақтастығын ғылыми дәлдікпен көрсетеді.

Жалпы алғанда, тарихнамалық материалдарды талдау көтерілістің көпқырлы сипатын, оның ұлттық қозғалыстар жүйесіндегі орнын жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді. Зерттеулердің бүгінгі методологиялық талаптарға сай кешенді жүргізілуі оқиғаның тарихи мәнін объективті ашуға, оны білім беру жүйесінде жаңаша ұғындыруға негіз қалайды. Созақ көтерілісінің тарихын оқыту – оқушылардың сыни ойлауын, тарихи себеп-салдарлық байланыстарды түсінуін, отарлық саясаттың зардаптарын ғылыми тұрғыдан бағалау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Тарих сабағында Созақ көтерілісі тақырыбын заманауи педагогикалық инновациялар мен оқыту технологиялары негізінде тиімді оқытудың әдістемелік үлгісін әзірлеу және оқушылардың тарихи ойлау, талдау, салыстыру, бағалау дағдыларын дамыту арқылы тарихи санасын қалыптастыру.

- Созақ көтерілісінің тарихи алғышарттары мен себептерін талдау;
- Созақ көтерілісіне қатысты тарихи деректерді, мұрағат материалдары мен зерттеулерді талдау;
- Оқушылардың тарихи ойлау қабілетін дамытуға бағытталған авторлық тапсырмалар, жаттығулар, сұрақтар мен бағалау критерийлерін әзірлеу;
- Жүргізілген зерттеулер негізінде тиімді оқыту моделін әзірлеу.

Талқылау. Созақ көтерілісі – тек аймақтық сипаттағы қарсылық емес, Қазақстандағы кеңестік модернизацияның күшпен жүргізілуіне қарсы бағытталған жалпыұлттық наразылықтың бір тармағы. Ол тоталитарлық жүйенің идеологиялық ұстанымдары халықтың дәстүрлі өмір салтымен үйлеспейтінін дәлелдеді.

Созақ көтерілісі 1930 жылғы 7-18 ақпан аралығында орын алды. Көтерілістің басталуына жергілікті кеңестік биліктің Рамазан айында мұсылмандарға діни рәсімдерді орындауға тыйым салуы тікелей түрткі болды.

1930 жылғы 7 ақпан күні таңертең шамамен 400 адамнан құралған көтерілісшілер тобы аудан орталығы – Созаққа кіреді. Олар Шолаққорғанды (Түркістан қаласының солтүстік-шығысында орналасқан) және оған жақын ауылдарды өз бақылауына алған. Көтеріліс барысында қарулы топтар Созақтағы барлық аудандық басқару орындарын басып, кеңестік билік өкілдеріне қарсы әрекеттер жасады. Оқиға барысында көтерілісшілер аудандық партия комитетінің хатшысы Қ. Джунусбековті және аудандық атқару комитетінің төрағасы Д. Қанлыбаевты қоса алғанда, бірқатар лауазымды тұлғаларды өлтірген [12, 130-б.].

Көтеріліске шыққан халық «Халық билігі жасасын», «Кеңес үкіметі жойылсын» деген ұрандармен шыққан болатын. Созақ көтерілісінің басшылары да, ұйытқысы да осы өңірдегі тама руынан шыққан азаматтар болды. Сонымен қатар, мұрағат деректері Созақ көтерілісінде тамаларды басқа рулар, тіптен басқа ұлт өкілдері де қолдағанын байқатады. Мысалы, тарихшы Қ.С.Алдажұманов кұпия мұрағат қорынан алынған мынандай деректі келтіреді: көтеріліске Жаңатама руынан – 32 адам (есімдері көрсетілген), Маңғытай-Саңғылдан – 30 адам, Андақұлдан – 18 адам, Тарақты-Уақтан – 49, Алшын-Құлтумадан – 22 адам, Өтемістен – 30 адам, Зортымақтан – 32 адам шығарылған. Көтеріліске орташалар мен молдалар үлкен белсенділік танытты. Әрине, оларға айдалып кетуден аман қалып, тау-тасты тасалап жасырынып жүрген байлардың туыстары да келіп қосылды.

Көтерілістің басталуы туралы хабарды алған бетте-ақ ОГПУ органдары округтік партия комитеттерінің рұқсаттарымен көтеріліс тарала бастаған аудандарда көтеріліс ошақтарын қанға бояп басатын ОГПУ-дің қаруларымен қаруланған коммунистік отрядтар деп аталатын әскер бөлімдерін ұйымдастыру туралы шешімге келді. Коммунистік отрядтарға негізінен қалалардағы, өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылар, партия мүшелері мен жас комсомол мүшелері тартылды [2, 105-б.].

Мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына, Ф.Голощекиннің мемлекетті басқаруына елдегі әртүрлі реформаларға қарсы Қазақстанның барлық аймақтарында ірілі-ұсақты осындай көтерілістер мен бас көтерулеп боп өтті. Көтерілісшілерді басу үшін Ташкенттен 300 жуық жазалау отряды келді және оған жергілікті үкіметтің милиция жасақтары да қосылды. Көтеріліске шыққан бұқара халық пен кеңес әскерлері арасындағы шайқас 1930 жылы 12 ақпанда Созақ түбінде болды. Бұқара халықтың күші тең болмады, соған қарамастан қасық қаны қалғанша әрекет жасады. Қаруының аздығына байланысты бұқара халық екіге бөлінуге мәжбүр болды. Көтерілісшілердің бірінші бөлігі Ташкентке қарай бет алса, екінші бөлігі Шуға қарай шегінуге мәжбүр болды. Кеңес өкіметінің әскерін басқарған Альшанский болды. Көтерілісшілерді сотсыз және тергеусіз ату жүзеге асырылды. Көктемге қарай көтеріліс стихиялы сипатқа енді. Ақырында көтеріліс жеңіліс тапты. ОГПУ құжаттарынан үзінді келтірсек: «Созаққа шабуыл жасалды. Төрт сағатқа созылған қиян-кескі шайқастың нәтижесінде Созақ басып алынды. Шайқаста 300 адам өлтірілді, 200 адам тұтқынға түсті. Кеңес әскері көп шығынға ұшырамады. Ал қатысқан адамдар 1938 жылға дейін құдалауға түседі. Көтеріліс көсемі – Сұлтанбек хан өлтірілді.

Көтерілістің негізгі ошағы тама руының ауылдары шоғырланған Сарысу ауданы болды. Көтерілісті басқарған тұлғаға қатысты мәселе зерттеушілер назарын ерекше аударады. ОГПУ тарапынан жасалған құжаттарда бұл адамның есімі «хан» ретінде көрсетілгенімен, оның нақты аты-жөні әртүрлі нұсқада берілген. Ресми архив деректерінде ол «Шанақов», «Чанақов», «Шанатов», «Шапақов», «Шалақов» түрінде кездеседі. Аталған нұсқалардың ішінде «Шанақов» жазылымы жиірек ұшырасады. Бұл жағдайға байланысты түрлі ғылыми пікірлер қалыптасқан. Мәселен, 1990 жылғы 24 мамырда «Ана тілі» газетінде жарияланған мақалаға жазылған пікірінде, «Социалистік Қазақстан» газетінде басылған Шымкент облыстық «Әділет» ерікті тарихи-ағарту қоғамы президиумының төрағасы Мұхамеджан Рүстемов көтеріліс басшысының есімін Сұлтанбек Шонақов деп көрсетеді. Бұл дерек оның кім болғаны жөніндегі зерттеулерде маңызды нұсқалардың бірі ретінде қарастырылады [2, 108-б.].

Құжаттық хаттамаларда көрсетілгендей: «Созақ ауданына қатысты халық санының 300-ге жуық жан ұя болғандығы, күн тәртібіне қойылған мәселелер бойынша, әрі байлардың мал-

мүліктерін тәркілеу туралы қабылданған шешімдер көрсетілген». Хаттамалардың бірінде: «1928 жылы, 2 қараша, нөмері 6 хаттама. Созақ ауданы. Жиынға нөмері 7, 15 ауылдардан шаруалар, партия жастар комсомол мүшелері қатысқан. Қатысушылар саны – 274. Қаралған мәселелер: Ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу. Хаттама қаулысы бойынша Д.Абақовтан 819 ірі қара малы, Д.Тіленшиевтен 166 ірі қара мал, К.Оспановтан 17 ірі қара малы, Ж.Исаевтан 55 ірі қара малы тәркіленеді де, ал өздері жан-ұяларымен бірге сотталып, жер аударылады» [13, 315-п.].

Созақ көтерілісі жайында мұрағат құжаттарындағы сақталған ресми құжаттармен қатар, халық жадында сақталған деректік мәліметтерде мол. Тарихи оқиғаларды бастан кешіріп, көзбен көрген адамдардың оңаша түндерде күбірлесіп, мұң шертіскен әңгімелерінің куәсі болған қария естеліктеріне тоқталсақ. Нақты айтсақ, «Бексейітов Әжібек, Жүсіп Оспанов молда болған Сейділда Мұстафаев сияқты ақсақалдардың естеліктерінде Созақ көтерілісіне қатысты адамдардың сол кездегі өмірі мен тұрмыс-тіршілігі жайында тың деректер береді. Кеңес кезі болсада ауыл аты, мектеп оның атымен аталған. Ел жадында сақталған тарихи деректерге қарағанда Қаңлыбаев Дуан 1902 жылы Түлкібас ауданындағы №6 ауылда дүниеге келіп, төрт кластық біліммен Ташкентке оқуды жалғастыру мақсатында рабфакта білім алған сол кезде қазақ жастарының бірі. Оқып жүрген кезінен бастап белсенді қазақ жастары қатарында көзге түседі, алғашқыда Сайрам, кейін Түлкібас аудандық болыстың төрағасы, ал 1929 жылы Созақ аудандық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалды. 1930 жылы ақпанда Созақ көтерілісі кезінде көтерілісшілер қолынан қаза табады».

Тама руынан шыққан азаматтардың бастауымен өткен 1930 жылғы Созақ көтерілісі өз сипаты жағынан әділетсіздікке қарсы бағытталған, кеңестік әкімшіл-әміршіл тоталитарлық жүйенің озбыр саясатына жауап ретінде туған халықтық қарсылық болды. Бұл қозғалыстың түпкі мәні қазақ халқының ұлттық бостандығы мен діни-рухани құндылықтарын қорғау жолындағы ұмтылыстарынан көрініс береді. Сондықтан да Созақ көтерілісін Қазақстандағы кеңестік дәуірдегі ұлт-азаттық қозғалыстардың маңызды құрамдас бөлігі ретінде бағалау қажеттілігі айқын.

Кеңес дәуірінде бұл көтеріліске «бандиттік», «контрреволюциялық», «ұлтшылдық қозғалыс» сияқты теріс идеологиялық сипаттамалардың берілуі оның тарихи шынайы табиғатын бұрмалады. Тәуелсіздік кезеңінде аталған айыптаулардың ғылыми және моральдық тұрғыдан негізсіз екені дәлелденіп, оларды батыл түрде теріске шығару қазіргі отандық тарихнаманың міндеті болып саналады. Осыған байланысты тәуелсіз Қазақстан жағдайында Созақ көтерілісі басшылары мен оған қатысушылардың тарихи орнын әділ айқындау, олардың ерлігін ұлттық деңгейде тану, сондай-ақ жергілікті жерлерде есімдерін ұлықтау және есте қалдыру шараларын жүйелі түрде жүзеге асыру – тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің маңызды қадамы болмақ.

Нәтижелер. Созақ көтерілісін зерттеу мен оның қатысушыларын құрметтеу қоғамның тарихи зердесін жаңғыртып, ұлттың рухани тұтастығын нығайта түсетін өзекті бағыт болып табылады. Көтеріліс тек аймақтық сипаттағы бас көтеру ғана емес, қазақ халқының ұлттық бостандыққа, мәдени құндылықтарды сақтауға деген ұмтылысын білдіретін халықтық қозғалыс ретінде тарихта қалды. Сондықтан Созақ көтерілісін мектепте оқыту – тарихи білім берудің мазмұнын байытып қана қоймай, оқушылардың ұлттық тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Еліміздің білім беру жүйесінде тарихи санасы жоғары, ұлттық болмысын түсінетін, азаматтық көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу – негізгі міндеттердің бірі. Осы ретте Созақ көтерілісін оқу мазмұнына енгізу оқушылардың отарлық кезеңге қатысты сыни талдау жасау, тарихи оқиғалардың себеп-салдарын бағалау, тарихи деректермен жұмыс істеу, салыстыру және өз көзқарасын дәлелдей білу дағдыларын дамытады. Бұл тақырып оқушыларды тек деректерді жаттауға емес, тарихи құбылыстарды жан-жақты түсінуге, тарихи ойлау мәдениетін қалыптастыруға бағыттайды.

Созақ көтерілісін тиімді оқытуда проблемалық оқыту, жобалық жұмыс, дереккөздермен жұмыс, тарихи реконструкция, цифрлық карталар мен мультимедиялық ресурстарды

пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Сонымен бірге бұл тақырыпты оқытуда ауызша тарих (oral history), жергілікті тарихи деректерді талдау, мұрағат материалдарын зерттеу, интерактивті тапсырмалар мен картографиялық талдау әдістерінің мүмкіндіктері зор.

Созақ көтерілісін оқыту – оқушылардың тарихи құбылыстарға эмоционалды, құндылықтық және адамгершілік тұрғысынан баға беру мәдениетін тәрбиелейді. Көтерілістің артында халықтың тағдыры, өмірлік күресі, ұлттық рухы жатқанын сезіну арқылы оқушылар тарихты тек өткеннің оқиғасы емес, қазіргі қоғаммен сабақтасқан тірі құбылыс ретінде қабылдайды. Бұл тарихи білімді тек ақпараттық деңгейде емес, тәрбиелік, тұлғалық дамумен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Мектеп оқулықтарында Созақ көтерілісіне қатысты мәліметтер жеке тақырып ретінде емес, Қазақстан тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі – 1929-1932 жылдардағы ұжымдастыру және оның халыққа тигізген ауыр зардаптары тақырыбының ішінде қамтылған. 8-сыныпқа арналған Қазақстан тарихы оқулығының §18-19. «Қазақстандағы ұжымдастыру» тақырыптарын түсіндіру барысында оқулықта Созақ көтерілісіне қатысты: «Бұл 30-жыл-дардың басындағы неғұрлым ірі көтерілістердің бірі еді. Көтеріліске 500-дай адам қатысты» [14, 101-б.], - деп көрсетілген. Осы тақырыпты мектеп бағдарламасында оқыту оқушылардың ұлттық тарихты терең түсінуіне, тарихи әділеттілік мәселелеріне сыни тұрғыдан қарауына және саяси қуғын-сүргіннің себеп-салдарын ұғынуына ықпал етеді. Осыған байланысты сауалнама жүргізудің өзектілігі бірнеше факторлармен анықталады.

Біріншіден, қазіргі оқушылардың маңызды тарихи оқиғалар туралы хабардарлық деңгейі әртүрлі, сондықтан сауалнама олардың Созақ көтерілісі туралы бастапқы білімінің шамасын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мұғалімге оқыту стратегиясын, сабақ мазмұнын және деңгейлік тапсырмаларды тиімді жоспарлауға жағдай жасайды.

Екіншіден, сауалнама оқушылардың тақырыпқа деген қызығушылық деңгейін айқындауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, Созақ көтерілісі – кеңестік кезеңде бұрмаланып көрсетілген тақырыптардың бірі. Оқушылардың тарихи әділеттілікке, тарихи бағалаудың өзгеруіне көзқарасын білу бүгінгі тәуелсіздік идеологиясы тұрғысынан маңызды.

Бесіншіден, сауалнама нәтижелері оқушылардың қажеттілігіне негізделген жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, сауалнама жүргізу тарих пәнін оқытудың сапасын арттыруға, оқушылардың тарихи санасын дамытуды ғылыми тұрғыдан негіздеуге бағытталған маңызды зерттеу құралы болып табылады.

Сауалнаманың мақсаты – Созақ көтерілісін мектеп бағдарламасында оқу қажеттілігі мен оның әдістемелік қамтамасыз етілу деңгейін зерттеу.

Сауалнама «Google Forms» форматында онлайн түрді жүргізілді. Сауалнамаға 169 респондент тартылды. Сауалнамада респонденттің жасы, жынысы, білімі ескерілді. Сауалнама Шымкент қаласындағы №39 жалпы орта мектебінің 8, 9-сынып және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 1-курс студенттері және оқытушылар тартылды.

Респонденттерге ұсынылған сұрақтар келесі бағыттарды қамтыды:

- Хабардарлық деңгейі:
- Ақпарат көздері:
- Тарихи деректерді білу:
- Оқыту әдістері мен құралдарының маңызы:
- Созақ көтерілісінің тарихи рөлі мен зерттеу маңызы:

Ұсынылған сауалнама бойынша талдау:

Сіз, Созақ көтерілісі туралы қандай деңгейде хабардарсыз? деген сұраққа көпшілігінің 35.7% – естуім бар, бірақ терең білмеймін, 31% – орташа хабардармын, 13.7% – жақсы хабардармын, 19% – мүлдем білмеймін деп жауап берілді. Ол дегеніміз қатысқан респонденттеріміздің көпшілігі бұл тақырыпты білмейді.

Созақ көтерілісі жөнінде ақпаратты қайдан алдыңыз? деген сауалға 40.5% – мектеп бағдарламасынан, 36.3% – интернет ресурстардан, 8.3% – ғылыми мақалалардан деген жауаптарды ұсынды.

Сіздің ойыңызша Созақ көтерілісі қай жылы болды? Бұл сауалға 65.3% – респондент дұрыс, ал 21% – дұрыс жауап бермеді.

Созақ көтерілісінің шығу себебі не деп ойлайсыз? деген сауалға 64% – дұрыс, 17% – қазақ зиялыларының көтерілуі, 10.4% – индустрияландыру, 4.3% – Ұлы Отан соғысы жауап берген.

Созақ көтерілісін оқыту барысында мультимедиялық құралдар мен қосымша материалдар қаншалықты маңызды деп ойлайсыз? деген сауалға 46.4% – орташа маңызды, 35.1% – өте маңызды, 11.3% – жауап беруге қиналамын деген жауаптар берілді.

Созақ көтерілісі Қазақстан тарихында қандай рөл атқарды деп ойлайсыз? деген сауалға 47,3% – ұлт азаттық көтерілістің жалғасы, 17.4% – революциялық қозғалыс ретінде, 15,6% – экономикалық дамудың жалғасы, 13.2% – индустрияландырудың маңызы деген жауаптар ұсынды.

Аталған тақырыпты оқытуда қандай әдістерді қолдану тиімді деп санайсыз? деген сауалға 37.5% – дереккөздермен жұмыс, 24.4% – дәрістер, 22% – топтық талқылаулар, 13.7% – заманауи технологиялар.

Сіз үшін білім алушылардың қызығушылығын артыруда қандай құралдар маңызды? деген сауалға 52.4% – тарихи фильмдер, 22% – сұрақ-жауап форматындағы сабақтар, 12.5% – көркем әдебиет, 11.9% – тұлғалар тағдырын талдау деген жауаптар берілген.

Қазіргі кезде Созақ көтерілісін зерттеудің маңызы неде деп ойлайсыз? деген сауалға 29.9% – барлығы дұрыс, 28.1% – ұлт тарихының ақтаңдақ беттерін толықтыру, 22.2% – Кеңестік саяси құғын-сүргіннің салдарын түсіну, 17.4% – тарихи әділеттілікті қалпына келтіру деген жауаптар алынды.

Созақ көтерілісіне байланысты қандай деректер әлі күнге дейін толық зерттелмеген деп ойлайсыз? деген сауалға 29.3% – барлығы дұрыс, 26.3% – көтеріліске қатысушылардың нақты саны, 21.6% – көтерілістің Қазақстан тарихындағы орны, 19.8% – Кеңес үкіметінің жазалаушы әрекеттері деген жауаптар алынды.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері оқушылардың Созақ көтерілісі туралы білім деңгейінің әртүрлі екенін көрсетті. Бізді қызықтырған сұрақтар бойынша респонденттерге Созақ тарихын оқыту, оларда осы тақырыпты оқыту барсында отан сүйгіштік қабілетінің, елді жерді құрметтеу дағдыларын қалыптастырамыз деген ойға келдік.

1-кесте. «Созақ көтерілісі» тақырыбын оқытуда ұсынылатын тапсырма түрлері мен мысалдары

Тапсырма түрі	Мақсаты	Мысалдар
Дереккөздермен жұмыс	Тарихи құжаттарды талдау	Созақ көтерілісі бойынша газет мақалалары, архивтік құжаттарды талдау
Топтық талқылау	Көтерілістің себептері мен салдарын талдау	Әр топ көтерілістің экономикалық, әлеуметтік, діни себептерін зерттейді
Рөлдік ойын	Оқушылардың тарихты эмоционалды қабылдауын арттыру	Көтеріліс қатысушылары, жергілікті билік және халық рөлінде ойын өткізу
Мультимедиа қолдану	Ақпаратты визуалды қабылдау	Көтеріліс картасы, бейнежазбалар, презентациялар
Эссе жазу	Тарихи ой-қабылдауды дамыту	«Созақ көтерілісі – әділетті халық қозғалысы» немесе «Көтерілістің Қазақстан тарихындағы маңызы» тақырыбында эссе
Сұрақ-жауап форматы	Ақпаратты бекіту	«Көтеріліс қай жылы болды?», «Негізгі себептері қандай?»

Сауалнама нәтижелері оқушылардың Созақ көтерілісі туралы білімдерінің үстірт, ал ақпарат алу арналарын таңдауы шектеулі екенін көрсетті. Сондықтан білім сапасын арттыру үшін геймификация, дереккөздермен жұмыс, мультимедиялық материалдарды пайдалану және тарихи сананы патриоттық тұрғыда қалыптастыру бағыттары тиімді болып табылады. Ұсынылған шешу жолдары мен тапсырмалар Созақ көтерілісі тақырыбын оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттырып, тарихи материалды терең әрі саналы меңгеруге мүмкіндік береді.

Созақ көтерілісін тарих сабағында оқыту әдістемесін жетілдіру бағытындағы зерттеу нәтижелері тарихи білім берудің қазіргі талаптарымен, құзыреттілікке негізделген оқыту мазмұнымен және педагогикалық инновациялардың мүмкіндіктерімен тығыз байланысты екендігін көрсетті. Талдау барысында тарихи оқиғаларды оқушы санасында жүйелі түрде қалыптастыру тек мазмұнды жеткізумен шектелмей, оқыту процесін технологиялық және әдіснамалық тұрғыдан жаңғыртуды қажет ететіні айқындалды.

Зерттеу көрсеткендей, оқушылар үшін Созақ көтерілісінің себептері, кезеңдері, қатысушы топтары және кеңестік репрессиялық саясат контексті күрделі тарихи-концептуалдық мәселелер болып табылады. Дәстүрлі баяндау әдісі оқушылардың сыни ойлауын толық дамытпайды және тарихи процестің көпқырлы табиғатын ашуда шектеулі. Сондықтан модульдік оқыту, проблемалық оқыту және дерекпен жұмыс істеу технологияларын кіріктіре қолдану тарихи оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын тереңірек ұғынуға мүмкіндік беретіні байқалды. Оқушылар архивтік құжаттар, тергеу хаттамалары және тарихнамалық пікірлерімен жұмыс жасағанда тарихи фактілерді талдау, салыстыру, интерпретациялау дағдылары айқын дамиды.

Зерттеуде қолданылған цифрлық ресурстар (интерактивті карталар, уақыт сызығы, дерек базаларымен жұмыс), геймификация элементтері және жобалық әрекет оқушылардың оқуға деген ішкі уәжін күшейтетіні дәлелденді.

Қорытынды. Созақ көтерілісі – ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде кеңестік биліктің аграрлық саясатына қарсы бағытталған ірі әрі ұйымдасқан қарулы қозғалыстардың бірі ретінде қазақ халқының тарихында ерекше орын алады. Көтеріліс кеңестік реформалардың зорлықшыл сипатын, күштеп ұжымдастыру мен тәркілеудің, отырықшыландыру саясатының халыққа тигізген ауыр зардаптарын айқын көрсетті. Шаруалар, кедейлер мен орта дәулетті тұрғындардан құралған көтерілісшілер тобы дәстүрлі шаруашылықты, ұлттық болмысты, өмір салты мен рухани құндылықтарды қорғауға бағытталған кең ауқымды қарсылықтың көрінісі болды.

Тарихи деректер көтерілістің жергілікті деңгейден шығып, көршілес өңірлерге таралып, жалпыұлттық сипат ала бастағанын айғақтайды. Алайда кеңестік билік халық талабын тыңдау орнына қарулы жазалаушы жасақтарды жіберіп, қозғалысты қатыгездікпен басып-жаншыды. Нәтижесінде жүздеген адам қаза тауып, мыңдаған тұрғын қуғын-сүргінге ұшырады. Бұл жағдай кеңестік режимнің саяси ғана емес, мәдени-рухани қысым көрсеткенін көрсетеді.

Тәуелсіздік кезеңінде ғана Созақ көтерілісінің тарихи маңызы қайта зерттеліп, оның шынайы себептері мен салдары деректік негізде қалпына келтірілуде. Көтерілісті зерделеу – тарихи ақиқатты қалпына келтіру ғана емес, тоталитарлық жүйенің қателіктерінен сабақ алу, ұлттық тарихи сананы қалыптастыру бағытындағы маңызды міндет. Осы тұрғыда Созақ көтерілісін мектептегі тарих сабақтарында тиімді оқыту айрықша мәнге ие. Заманауи педагогикалық инновациялар мен оқыту технологияларын қолдану арқылы оқушылардың тарихи деректермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, сыни ойлау қабілеттерін арттыруға және күрделі тарихи құбылыстардың себеп-салдарын терең түсінуге жағдай жасауға болады. Интерактивті әдістер, цифрлық ресурстар, тарихи карталар, құжаттық материалдармен жұмыс істеу, жобалық және зерттеушілік тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттырып, тарихи білімді өздігінен игеру мәдениетін қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, Созақ көтерілісін тарих сабағында оқытуды жаңғырту – ұлттық тарихи сананы қалыптастырудың, отарлық және тоталитарлық кезеңдердің ақиқатын ашудың,

оқушыларды әділет, еркіндік және жауапкершілік құндылықтарына тәрбиелеудің тиімді жолы. Бұл тарихи оқиғаны педагогикалық инновациялар арқылы оқыту қазіргі білім беру жүйесінің мазмұнын байытып, жас ұрпақтың ойлау көкжиегін кеңейтеді және тарихи сабақтастықты сезінуге ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қырғызбаев Ө.Ө. *Созақ көтерілісі: деректер, естеліктер.* – Алматы: Арқас, 2003. – 147 б.
2. Омарбеков Т. *1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері: Зерттеу.* – Алматы: Арыс, 2018. – 480 б.
3. Боранбай Ж. *Созақ көтерілісі // Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы: көп томдық. Т. 21.* – Астана: Астана полиграфия, 2011. – 335 б.
4. «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 Жарлығы // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000456> (Қаралған күні: 02.04.2025)
5. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. *Тарих тағылымы не дейді?* – Алматы: Ана тілі, 1993. – 208 б.
6. Қойгелдиев М. *Алаш қозғалысы.* – Алматы: Санат, 1995. – 186 б.
7. Омарбеков Т. *20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті.* – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 350 б.
8. Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. *Казахстанская трагедия // Вопросы истории.* – 1989. – №7. – С. 53-71.
9. Тұрлыбеков Ә. *Созақ көтерілісі және оның маңызы // Қазақ тарихы.* – 2000. – №2. – Б. 37.
10. Садықов Т.С. *История крестьянских выступлений в Казахстане (1929-1932 гг.): методология проблемы // Вестник ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.* – 2002. – №1-2. – С. 10-17.
11. *Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайту ауқымындағы ұлт-азаттық қозғалыстар: ұжымдық монография / С.Ф. Мәжитов, Г.К. Көкебаева, О.Х. Мұхатова және т.б.* – Алматы: «Базарбаева» ЖК., 2020. – 687 б.
12. Еркінбекова Б.А., Исабек Б.Қ. *Созақ көтерілісінің тарихы: себептері мен нәтижелері // Қарағанды университетінің Хабаршысы: Тарих. Философия сериясы.* – 2025. – №30, 2(118). – Б. 127-134.
13. АПРК. – Ф. 141. – Оп. 1. – Д. 5052. – Л. 315-321
14. Кабылдинов З.Е. *Қазақстан тарихы: оқулық.* – Алматы: Атамұра, 2019. – 192 б.
15. Бақторазов С.У. *Қазақстанның Оңтүстік өңірінде жүргізілген саяси қуғын-сүргін (1917-1939).* – Алматы: Дарын баспасы, 2022. – 307 б.

References:

1. Kyrgyzbaev O.O. *Sozak koterilisi: derekter, estelikter [The Sozak Uprising: data, memories].* Almaty, 2003. 147 b. [in Kazakh]
2. Omarbekov T. *1929-1931 zhyldardagy halyk koterilisteri: Zertteu [Popular uprisings of 1929-1931: a study].* Almaty, 2018. 480 b. [in Kazakh]
3. Boranbai Zh. *Sozak koterilisi [Sozak uprising] // Kazak ult-azattyk kozgalysy: kop tomdyk. T. 21. Astana, 2011. 335 b. [in Kazakh]*
4. «Sayasi kugyn-surgin kurbandaryn tolyk aktau zhonindegi memlekettik komissiya turaly» Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2020 zhylygy 24 karashadagy №456 Zharlygy [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated November 24, 2020 No. 456 "on the state commission for the full rehabilitation of victims of political repression] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000456> [in Kazakh]
5. Koigeldiev M., Omarbekov T. *Tarih tagylymy ne deidi? [What does the lessons of history say?].* Almaty, 1993. 208 b. [in Kazakh]

6. Koigeldiev M. *Alash kazgalysy [Alash movement]*. Almaty: Sanat, 1995. 186 b. [in Kazakh]
7. Omarbekov T. *20-30 zhyldardagy Kazakhtan kasireti [The tragedy of Kazakhstan in the 20-30 s]*. Almaty, 1997. 350 b. [in Kazakh]
8. Abylhozhin Zh.B., Kozybaev M.K., Tatimov M.B. *Kazahstanskaya tragediya [Kazakh tragedy]* // *Voprosy istorii*. 1989. №7. S. 53-71. [in Russian]
9. Turlybekov A. *Sozak koterilisi zhane onyn manyzy [The sozak uprising and its significance]* // *Kazakh tarihy*. 2000. №2. B. 37. [in Kazakh]
10. Sadykov T.S. *Istoriya krest'yanskikh vystupleni v Kazakhstane (1929-1932 gg.): metodologiya problemy [The history of peasant uprisings in Kazakhstan (1929-1932): methodology of the problem]* // *Vestnik ENU im. L.N.Gumileva*. 2002. №1-2. S. 10-17. [in Russian]
11. *Kazakhstan dagy ulttyk biregeilikti saktau men nygaitu aukymyndagy ult-azattyk kozgalystar [National liberation movements on the scale of preserving and strengthening national identity in Kazakhstan: a collective monograph]* / S.F. Mazhitov, G.K. Kokebaeva, O.H. Muhatova. Almaty, 2020. 687 b. [in Kazakh]
12. Erkinbekova B.A., Isabek B.K. *Sozak koterilisinin tarihy: sebepteri men natizheleri [History of the sozak uprising: causes and results]* // *KarMU Habarshysy*. 2025. №30, 2(118). B. 127-134. [in Kazakh]
13. *AP RK. F. 141. Op. 1. D. 5052. L. 315-321.* [in Russian]
14. Kabyldinov Z.E. *Kazakhstan tarihy: okulyk [History of Kazakhstan: textbook]*. Almaty, 2019. 192 b. [in Kazakh]
15. Baktorazov S.U. *Kazakhstannyn ontystik onirinde zhyrgizilgen sayasi kugyn-syrgin (1917-1939) [Political repression in the southern region of Kazakhstan (1917-1939)]*. Almaty: Daryn baspasy, 2022. 307 b.